

*Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, пысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың*




## **Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша 2024 жылғы қазандағы сыйақы мөлшерлемелері**

*(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына мониторинг жүргізу негізінде)*

### **Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу**

#### **2024.10.10 қарай қалыптасқан деректер**

2024 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда қазан айында депозит нарығында мынадай өзгерістер орын алды:

-  3 қатысушы банк – мерзімсіз депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін өзгертті;
-  2 қатысушы банк толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелерді қайта қарады;
-  4 қатысушы банк толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелерді қайта қарады.

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ) әрбір банктің өзінің депозиттік өнімдері бойынша пайыздық сыйақыларының мөлшерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сүйене отырып белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктер Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруін де ескереді.

Қазіргі уақытта депозит нарығында мөлшерлемелер жалпы тұрақты деп айтуға болады. Алайда кейбір қатысушылар өздерінің ішкі саясатына сәйкес оларды жоғарылату немесе төмендету жағына қарай түзетті.




## Мерзімсіз салымдар<sup>1</sup>

2024 жылдың қазан айының басында салымдарға кепілдік беру жүйесіне қатысушы он тоғыз банктің он алтысы мерзімсіз депозиттерді бұған дейінгі аймен салыстырғанда өзгеріссіз ұсынуда. Алайда үш банк сыйақы мөлшерін қайта қарады.

- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 2%-ды құрайтын 1 қатысушы банк – мөлшерлемені 0,2 пайыздық тармаққа (п.т.) дейін төмендетті;
- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 2%-ды құрайтын 1 қатысушы банк – мөлшерлемені 0,5 пайыздық тармаққа (п.т.) дейін көтерді;
- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 1%-ды құрайтын 1 қатысушы банк – мөлшерлемені 0,2 пайыздық тармаққа (п.т.) дейін көтерді.

Нәтижесінде сегмент бойынша орташа мөлшерлеме қазан айында бұрынғы деңгейде – 14,0%-да қалды. Ал банктердің мөлшерлемелері бойынша іріктеу ауқымы<sup>2</sup> 0,2 п.т.-қа – жоғарылап, 1,4 п.т. құрады (максималды мөлшерлеме – 14,9%, минималды – 13,5%). Аталмыш іріктемеге екі кішкентай банктің мөлшерлемелері енгізілмеді. Бұл банктердің ақшалай қоры негізінен заңды тұлғалардың салымдары есебінен құралады. Сәйкесінше олар мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесін инфляция деңгейінде немесе одан төмен деңгейде ұсынады.

**1-графика. Банктердің мерзімсіз депозиттер бойынша ұсынатын мөлшерлемелері (2024 ж. қазан)**



<sup>1</sup> мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Әдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

<sup>2</sup> іріктеменің максималды және минималды элементтерінің арасындағы айырмашылық




## Мерзімді депозиттер<sup>3</sup>

Қазіргі уақытта депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы он тоғыз банктің төртеуі мерзімді салымдарды ашумен айналысады. Ұсыныстардың басым бөлігі мерзімі 12 айлық салымдарға қатысты жасалуда. Мерзімді салымдарды қабылдаумен айналысатын банктердің барлығы жинақ ақшаны осы мерзімге орналастыруды ұсынып жатыр. Ұсынылып жатқан мөлшерлемелердің ауқымы - 11,9%-дан (ең төмен) 13,5%-ға дейін (ең жоғары). Қалған мерзімдерге келер болсақ, оларда ұсыныстар аз және іріктеу ауқымы 24 айлық мерзім бойынша 7%-дан (инфляциядан төмен) 6 айлық мерзім бойынша 16,4%-ға дейінгі аралықты қамтиды.

2024 жылдың қазан айының басына қарай толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша 2024 жылдың қыркүйегімен салыстырғанда қандай да бір өзгерістер тіркелмеді.

Осы талдауды жазу сәтіне қарай толықтыру құқығы жоқ мерзімді салымды ешбір қатысушы банк ашқан жоқ.

### 2-графика. Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. қазаны)



<sup>3</sup> мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит - шарттың талаптары бойынша Әдістемде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын белгіленген сыйақы мөлшерлемесімен депозит.




## Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер

Он тоғыз банктің тоғызы өз клиенттеріне толықтыру мүмкіндігі бар жинақ салымдар ұсынады. 2024 жылдың 10 қазанына қарай пайыздық мөлшерлемелер бойынша мынадай өзгерістер орын алды:

- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 1,0%-дан төмен болатын 1 қатысушы банк – 6 және 12 айлық мерзімдер бойынша мөлшерлемені әрқайсысы үшін 0,6 п.т.-қа көтерді;
- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 1,0%-дан төмен болатын 1 қатысушы банк – 3 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені төмендету жағына қарай 1,1 п.т.-қа қайта қарады.

Мерзімі алты айлық депозиттер бойынша ұсынылатын мөлшерлемелер әлі де ең тиімді болып тұр. Айталық, бұл мерзім бойынша ең жоғары мөлшерлеме 16,5%-ды құрайды. Ал ең төмен мөлшерлеме 24 айлық мерзім бойынша 5,1%-ға тең.

**3-графика. Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. қазаны)**





## Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер


Депозит желісінде он бір банк жинақ ақшаны толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттерге орналастыруды ұсынады.

Өткен аймен салыстырғанда қазан айының басында мөлшерлемелер бойынша мынадай өзгерістер байқалды:

- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 5%-дан асатын 1 қатысушы банк – 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша мөлшерлемелерді сәйкесінше 1 п.т.-қа және 0,5 п.т.-қа жоғарылатты;
- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 2%-ды құрайтын 1 қатысушы банк – 12 және 24 айлық мерзімдер бойынша мөлшерлемелерді сәйкесінше 0,4 және 0,8 п.т.-қа жоғарылатты;
- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 2%-ды құрайтын 1 қатысушы банк – 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша мөлшерлемелерді сәйкесінше 0,7 және 0,5 п.т.-қа жоғарылатты;
- ✓ активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 1%-дан төмен болатын 1 қатысушы банк – 6 және 12 айлық мерзімдер бойынша мөлшерлемелерді сәйкесінше 0,6 және 0,4 п.т.-қа жоғарылатты.

Бұл сегментте минималды мөлшерлеме 6,3%-ды (мерзімі 24 айдан жоғары) және максималды мөлшерлеме 18,4%-ды (мерзімі 6 ай) құрайды.

**4-графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. қазаны)**



## Тұжырымдар

Жоғарыда айтылған деректер негізінде мынадай тұжырым жасауға болады: мерзімсіз салымдар әдеттегідей ең танымал салымдар болып қалуда. Олардың сыйақы мөлшерлемесі жоғары болмаса да, талаптары өте икемді және сонысымен де өте тартымды. Ең табысты салымдар – әдеттегідей мерзімдері 3 және 12 айлық мерзімді және жинақ салымдар.




Қатысушы банктер нарықтың басқа да ойыншыларының мөлшерлемелерін және нарықтың ахуалын ескере отырып, өздерінің тиісті депозиттік өнімдері бойынша мөлшерлемелерді белгілеуді жалғастыруда. Яғни бәсекелі нарық болған соң, салымдарының сәйкес түрі мен мерзіміне арналған мөлшерлемелердегі айырмашылықты азайтуға ұмтылады.

2024 жылдың қаңтарында жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін реттеуге қатысты анағұрлым нарықтық тәсіл енгізілген соң, мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер негізінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің серпініне сәйкес келеді. Ал мерзімді және жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелер ең алдымен банктердің жаңа клиенттерді тартуға деген қажеттілігіне қарай айқындалады. Сондықтан олар қысқа мерзімге ашылатын салымдар үшін жоғары деңгейде сақталады.

Қазақстанда инфляция біртіндеп төмендеу үстінде. Айталық, 2024 жылдың қаңтарында ол 9,5%-ды құраса, 2024 жылдың қыркүйегінде 8,3% -ға жақындады. Бұл салымдар бойынша тартымды нақты табыстылықты қамтамасыз етеді деген сөз.

Ал ҚДКБҚ кепілдігінің арқасында депозиттер азаматтардың жинақ ақшаларын сақтауда және молайтуда ең тиімді және қолжетімді қаржы құралы болып қала береді.

ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:

-  теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**
-  теңгедегі өзге салымдар, шоттар, карточкалар бойынша – **10 млн теңгеден;**
-  шетел валютасындағы шоттар, карточкалар ж/е салымдар бойынша – **5 млн теңгеден асырылмайды.**

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.